

## Ғылыми зерттеушілер Экономика, мәдениет және гуманитарлық ғылымдар бойынша халықаралық ғылыми конференцияға қатысты

ЖТН BR21882352 «Мемлекеттік аудитті дамытудың жаңа парадигмасы мен тұжырымдамасын, ұлттық ресурстарды басқару және тиімді пайдалану сапасын бағалау жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу» бағдарламасы аясында зерттеушілер: э. ғ. д., профессор Л. М.Сембиева, профессор Ceslovas Christauskas және PhD докторы М. А. Серикова 2024 жылғы 24-26 сәуір аралығында Юрмалда (Латвия) өткен Экономика, мәдениет және гуманитарлық ғылымдар жөніндегі халықаралық ғылыми конференцияға (etECH2024) «Issues of assessment of the effectiveness, efficiency and economy of the use of public resources in the field of public audit» атты баяндама тақырыбымен белсенді қатысты.

Баяндамада мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың тиімділігін, үнемділігін және ұтымдылығын бағалау әдіснамасын жақсарту қажеттілігіне баса назар аударылды.

Зерттеушілер қатаң және ашық бағалау жүйесін жүзеге асыруға көмектесетін бірқатар ұсыныстар ұсынды.

Баяндама экономика және қаржы саласындағы ғалымдар мен мамандар арасында үлкен қызығушылық тудырды, бұл мемлекеттік ресурстарды басқарудағы заманауи сын-қатерлер контекстінде зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді.

